Al-Farabi adındaki Kazak Milli Üniversitesi
Filoloji Fakültesi
A. Baytursınulı adındaki Kazak Dilbilimi Bölümü doktora öğrencisi Assenova Aygül Haldarkızı'nın «8D02307 – Kazak Filolojisi» eğitim programı kapsamında felsefe doktoru (PhD) bilimsel derecesini almak için hazırladığı **«Kıpçak dillerinde (Kazakça, Karakalpakça, Nogayca) ortak kelimelerin semantizasyonu»** başlıklı tezine yabancı bilimsel danışmanın

GÖRÜŞÜ

Doktorant Assenova Aygül'ün tezi, Türk dillerinin Kıpçak grubundaki Kazakça, Karakalpakça ve Nogayca dillerindeki ortak kelimelerin semantizasyonuna ayrılmıştır. Araştırma çalışmasında söz konusu üç dildeki ortak kelimeler olarak seçilen köklerin semantik açıdan gelişimi kapsamlı bir şekilde incelenmiştir. Dilbiliminin semasiyoloji alanı karmaşık ve zor bir alandır. Çünkü semantik analiz, araştırmacıdan derin bilgi ve pratik yetenekler gerektirir. Çalışmanın güncelliği, bu karmaşık alanı seçmesi ve Türk dilleri sisteminde araştırma gerektiren Nogayca ve Karakalpakça dillerini ele almasıyla büyük önem taşımaktadır.

İncelenen üç dil akraba olmasına rağmen, semantik analiz yapıldığında ortak kelimelerin kendisinde de farklılıklar bulunduğunu kanıtlamıştır. Bunu semantizasyon olgusu olarak göstermiştir. Herhangi bir dilin zenginliği söz varlığıyla ortaya çıkar. Söz varlığındaki tüm kelimeler sözlüklerde listelenir. Doktorant, üç dilin sözlüklerini çok iyi kullanmıştır. Eski Türkçe sözlüklerden başlayarak günümüze kadar kullanılan açıklamalı ve etimolojik sözlükleri, M. Kaşgarlı'nın «Divanü Lügati't-Türk"ünü», Harezmi'nin «Muhabbetnamesini», Kutb'un «Hüsrev ve Şirin» eserlerini de kapsama almıştır. Bu durum, araştırma çalışmasının tarihten başlayarak bugüne kadar incelendiğini ve sistemli bir şekilde yazıldığını göstermektedir.

Kazak dilbiliminin semasiyoloji alanına ilişkin özgün bilimsel görüşlerini sunmuştur. Araştırma çalışması üç bölümden oluşmuştur. Her bölümde bilim insanlarının eserlerine bilimsel bir inceleme yaparak semantik analiz gerçekleştirmiş ve örneklerle kanıtlamıştır.

«Kıpçak dilleri: karşılaştırmalı-tarihi temelleri» adlı bölümde, Kıpçak dillerinin karşılaştırmalı-tarihi yönde incelenmesine, Kıpçak dillerini sınıflandırmanın dilbilimsel özelliklerine, Kazakça, Karakalpakça ve Nogayca dillerinin gelişim özelliklerini ele almıştır.

İkinci bölümünü «Kıpçak dillerindeki ortak kelimelerin semantik gelişimi» olarak adlandırarak, Ä. Kaydar'ın eserine göre *a, az, ay, ayt, ak, al, añ, art, aş* ortak kelimelerini analiz etmiştir. Her kelimeye ilişkin farklılıkları örneklerle

kanıtlamıştır. Semantizasyon teriminin tanımını göstererek kendine özgü sonuçlar ortaya koymuştur.

«Dilbiliminin yeni yönlerinde semantiğin rolü» adlı bölümünde, çağdaş dildeki yeni bilim dallarıyla semantiğin bağlantısını betimlemiştir. Diğer dünya bilim insanlarının araştırmalarını göstererek, Kazak dilindeki semasiyoloji alanının derinlemesine incelenmesine, yeniden ele alınmasına ve yeni bakış açıları sunulmasına çağrıda bulunmuştur. Dilbilimin bu tür yeni bakış açıları ve sonuçlarla zenginleşmesi gerekmektedir. Son yıllarda filolojide birkaç bilim dalının birlikte ele alındığı araştırmalar artmaktadır. Doktorant bu yönü de kapsama almış ve bilimsel sonuçlar sunabilmiştir.

Doktorant Assenova Aygül, benim danışmanlığımda Türkiye Cumhuriyeti, Kastamonu ilindeki Kastamonu Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dilleri ve Edebiyatları Bölümü'nde yurt dışı bilimsel stajını tamamlamıştır. Üniversitemizin bilimsel kütüphanesinden gerekli bilimsel eserlerle tanışmış, bölüm bilim insanlarından bilimsel çalışması hakkında gerekli danışmanlık almıştır. Bilimsel staj sonucunda Kazakistan bilimsel dergilerinde birkaç bilimsel makale yayınladık.

Tez çalışması sistemli bir şekilde yazılmış, mantıksal bağlantı korunmuş, bilimsel üslup gereklerine tamamen uygun düşmektedir. Bilimsel araştırmanın temel fikirleri, dünya dilbilimindeki araştırma ve yöntemlere uygundur ve Kıpçak dillerindeki semasiyoloji alanının gelişimine kayda değer katkı sağlamaktadır. Türk dillerinin leksikolojisi, Kıpçak dilleri, ortak kelimeler ve semasiylojik yöndeki araştırmalar için yararlı bir materyal olacağını düşünüyorum. Gelecekte bu konudaki araştırmalarının devamını bulacağına ve Kıpçak dilleri veya Türk dilleri üzerine faydalı bir akademik sözlük ya da bilimsel eser yazacağına inanıyorum.

Sonuç olarak, doktorant Assenova Aygül Haldarkızı'nın «8D02307 – Kazak Filolojisi» eğitim programı kapsamında felsefe doktoru (PhD) bilimsel derecesini almak için hazırladığı «Kıpçak dillerinde (Kazakça, Karakalpakça, Nogayca) ortak kelimelerin semantizasyonu» başlıklı tezinin tamamen tamamlanmış, amacına ulaşmış bir çalışma olduğunu ve doktora derecesini almaya layık olduğunu düşünmekteyim.

Yurt Dışı Bilimsel Danışman

Filoloji Bilimleri Doktoru (PhD), Profesör **Orhan Söylemez**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты
Асенова Айгүл Халдарқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған **«Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы»** атты диссертациясына шетелдік ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Докторант Асенова Айгүлдің диссертациясы түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациясына арналған. Зерттеу жұмысында аталған үш тілдегі ортақ сөздер ретінде іріктеліп алынған түбірлердің семантикалық тұрғыда дамуы жан-жақты қарастырылған. Тіл ғылымының семасиология саласы күрделі әрі қиын сала. Себебі семантикалық талдау зерттеушіден терең білімді, практикалық қабілеттерді талап етеді. Жұмыстың өзектілігі осы күрделі саланы таңдауымен және түркі тілдер жүйесінде зерттеулерді қажет ететін ноғай мен қарақалпақ тілдерін қарастыруымен зор маңызға ие.

Қарастырылған үш тілдер туыстас болғанымен семантикалық талдау жасағанда ортақ сөздердің өзінде де айырмашылықтар бар екенін дәлелдеген. Оны семантизация құбылысы деп көрсеткен. Кез-келген тілдің байлығы сөздік құрамымен көрінеді. Сөздік құрамдағы барлық сөздер сөздіктерде тізбектеледі. Докторант үш тілдің сөздіктерін өте жақсы пайдаланған. Сонау көне түркілік сөздіктерден бастап қазіргі күнге дейін қолданылатын түсіндірме, этимологиялық сөздіктер, М. Қашқари «Түрік сөздігі», Хорезмидің «Мухаббатнамесін», Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» шығармаларын да қамтыған. Бұл зерттеу жұмысының тарихтан бастап бүгінге дейін қаралып, жүйелі жазылғанын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің семасиология саласына қатысты өзіндік ғылыми пікірлерін ұсынған. Зерттеу жұмысы үш тараудан құралған. Әр тарауда ғалымдар еңбектеріне ғылыми шолу жасай отырып, семантикалық талдау жасап, мысалдар арқылы дәлелдеген.

«Қыпшақ тілдері: салыстырмалы-тарихи негіздері» тарауында қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуіне, қыпшақ тілдерін топтастырудың лингвистикалық ерекшеліктеріне, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің даму сипатын қарастырған.

Екінші тарауын «Қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантикалық дамуы» деп атап, Ә. Қайдардың еңбегі бойынша *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң,*

арт, аш ортақ сөздерін талдаған. Әрбір сөзге қатысты айырмашылықтарды мысалдар арқылы дәлелдеген. Семантизация терминінің анықтамасын көрсетіп, өзінше тұжырымдар жасаған.

«Тіл білімінің жаңа бағыттарындағы семантиканың рөлі» атты тараушасында қазіргі тілдегі жаңа ғылым салаларымен семантиканың байланысын сипаттаған. Басқа да әлемдік ғалымдардың зерттеулерін көрсете отырып, қазақ тіліндегі семасиология саласын терең зерттеуге, қайта қарауға, жаңаша көзқарастар ұсынуға шақырған. Тіл білімі мұндай жаңа көзқарастар және тұжырымдармен толысып отырғаны жөн. Соңғы жылдары филологияда бірнеше ғылым салалары бірлікте қарастырылатын зерттеулер көбеюде. Докторант осы бағытты да қамтыған әрі ғылыми тұжырымдар ұсына білген.

Докторант Асенова Айгүл менің жетекшілігіммен Түркия Республикасы, Кастамону қаласындағы Кастамону университетінің Әдебиет факультеті Түркі тілдері мен әдебиеті кафедрасында шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Университетіміздің ғылыми кітапханасынан қажетті ғылыми еңбектермен танысты, кафедраның ғалымдарынан ғылыми жұмысы бойынша қажетті кеңестер алды. Ғылыми тағылымдама нәтижесінде Қазақстандық ғылыми журналдарда бірнеше ғылыми мақалалар жарияладық.

Диссертациялық жұмыс жүйелі жазылған, логикалық байланыс сақталған, ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келеді. Ғылыми зерттеудің негізгі идеялары әлемдік лингвистикадағы зерттеулер мен әдістеріне сәйкес келеді және қыпшақ тілдеріндегі семасиология саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Түркі тілдерінің лексикологиясы, қыпшақ тілдері, ортақ сөздер, семасиологиялық бағыттағы зерттеулер үшін пайдалы материал болады деп ойлаймын. Болашақта осы тақырыптағы зерттеулері жалғасын тауып, қыпшақ тілдері немесе түркі тілдері бойынша пайдалы академиялық сөздік не ғылыми еңбек жазады деп сенемін.

Қорыта айтқанда, докторант Асенова Айгүл Халдарқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған **«Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы»** атты диссертациясы толық аяқталған, мақсатына жеткен жұмыс және докторлық дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Шетелдік ғылыми жетекші
Филология ғылымдарының докторы, профессор **Орхан Сөйлемез**